

БЕКІТЕМІН

«Павлодар облысының білім беру
басқармасы» ММ басшысы

2022 ж.



Дүниежүзілік жануарларды қорғау күні аясында «Бағындырғандар үшін жауаптымыз» акциясын өткізу туралы ЕРЕЖЕ

I. Негізгі ережелері

1.1. Осы Ереже Павлодар облысы білім беру ұйымдарының және қосымша білім беру ұйымдарының оқушылары арасында «Бағындырғандар үшін жауаптымыз» акциясын ұйымдастыру (бұдан әрі - Акция), өткізу, сондай-ақ акцияға қатысу тәртібін, шығармашылық жұмысқа қойылатын талаптарды, жеңімпаздарды анықтау және марапаттауды айқындайды.

II. Акцияны өткізудің мақсаттары мен міндеттері

2.1. Адамгершілік құндылықтарды, өскелең ұрпақтың жануарларға қатыгездік таныту проблемасына қатысты белсенді ұстанымын қалыптастыру.

2.2. Акцияның міндеттері:

- әлеуметтік желілерде телерепортаж арқылы жануарлар мен құстарға қатысты орын алып жүрген қатыгез қарым-қатынас проблемаларына қоғамның назарын аудару;

- өңір тұрғындары арасында жануарларға қамқорлық танытуды насихаттау.

III. Акцияны ұйымдастырушысы

3.1. Акцияның ұйымдастырушылары Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласының балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы.

IV. Акцияны өткізу мерзімі

4.1. Акция 2022 жылдың 3 - 21 қазан аралығында өтеді.

V. Қатысушыларға қойылатын талаптар және жұмыстарды тіркеу

- 5.1. Акцияға қатысу үшін Павлодар облысының жалпы білім беру мекемелері және қосымша білім беру ұйымдарының оқушылары шақырылады.
- 5.2. Акцияға нысан бойынша өтінім қоса беріледі (1- қосымша)
- 5.3. Акция үш номинация бойынша өткізіледі:
- «Сирек кездесетін үй жануарларының тұқымдары»;
 - «Экзотикалық үй жануарлары»;
 - «Жануарлар - біздің достарымыз».
- 5.4. Акцияны өткізу шарттары:
- номинацияларға сәйкес келетін акцияның мақсаттары мен міндеттерін көрсететін мазмұнды бейнерепортаж жасау;
 - ұсынылатын жұмыс регламенті бес минуттан аспау керек.
- 5.5. Акцияға көшіріп алынған бейнені қолдана отырып орындалған жұмыстар жіберілмейді.
- 5.6. Акцияға ұсынылған жұмыстар эмоционалды, позитивті, есте қаларлық болуы керек.
- 5.7. Қатысушы білім беру ұйымынан бір жұмыс жібере алады.
- 5.8. Егер Акцияға жіберілген жұмыстар, акция тақырыбына сәйкес келмесе, ұйымдастыру комитеті оны қабылдамауы мүмкін.